



XҒТАР 15.31.31
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-151-2-158-174>

Студенттердің академиялық табыстылығына әсер ететін тұлғалық факторларды зерттеу

Б.Е. Сабырбай¹, Г.К. Айкинбаева^{*1}, З.Б. Кабылбекова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана

²Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент

(E-mail: b.e.sabyrbay@gmail.com, gulden_1975@mail.ru, kzber@mail.ru)
Корреспонденция авторы: gulden_1975@mail.ru

Андатпа. Мақалада жоғары оқу орындарының (ЖОО) студенттерінің академиялық табыстылығына әсер ететін тұлғалық факторлар теориялық және эксперименттік тұрғыда зерттелінді. Соңғы жылдардағы Қазақстан, Ресей және шетел зерттеулеріндегі оқу іс-әрекетінің табысты болуын болжайтын өзін-өзі реттеу, оқу іс-әрекетінің мотивациясы, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық интеллект, тұлғалық көріністердің психологиялық аспектілерін негізге ала отырып, мақалада академиялық табыстылығының тұлғалық факторы зерттелінді.

Студенттердің оқудағы табыстылығы оның кәсіби және мансаптық дамуына әсері, өмірлік күрделі жағдаяттарда оңтайлы шешім қабылдауына ықпал ететін маңызды жаңа зерттеулермен сабақтастырылған. Студенттердің ЖОО оқу үдерісінде оқу жетістіктеріне әсер ететін факторларды айқындай отырып, оқу жүйесін жетілдіру мүмкіндігі ашылды. Сондықтан студенттердің оқу іс-әрекетінің табысты болуы тұлғалық қасиеттердің психологиялық механизмі арқылы айқындалуы өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсатына орай, эксперименттік жұмыс барысында «Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі – ССУД-М-2013» әдістемесін, А.А.Реан және В.А.Якуниннің оқу іс-әрекет мотивациясы және бес факторлы тұлғалық сауалнамасын (5 PFQ) қолдана отырып, студенттердегі оқу іс-әрекет мотивациясы мен өзін-өзі реттеу стильдерінің және тұлғалық факторларының өзара байланысын Пирсонның корреляциялық коэффициенті негізінде тұжырымдалды.

Университеттің академиялық тұрғыда үздік деген студенттерінің оқу іс-әрекетіндегі жетістікке жету предикторлары ретінде өзін-өзі бақылау, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық интеллект, экстроверсия, экспрессивтілік (жаңа білімге талпынушылық) және көпшіл (бауырбасушылық) сынды тұлғалық қасиеттерінің байланыстылығы пайымдалды.

Түйін сөздер: студенттер, жастар, академиялық табыстылық, өзін-өзі реттеу стилі, оқу іс-әрекет мотивациясы, академиялық үлгерім, жетістікке жету, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық интеллект, тұлғалық факторлар.

Кіріспе

Мектеп оқушыларының мектеп бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына оқуға (ЖОО) түсу кезеңі – жаңа әлеуметтік ортаға ауысуымен, жаңа іс-әрекеттің формалары мен түрлерін меңгерумен қатар жүреді. Оған қоса, қазіргі кездегі цифрлық технологияның қарқынды даму заманында, ақпараттардың шексіздігі мен қолжетімді болуы ЖОО оқу жүйесіне көптеген күрделі талаптар қойып отыр. Осыған орай, мектеп түлектері ЖОО оқу іс-әрекеті барысында академиялық мотивациялық белсенділігіне, психологиялық әл-ауқатына, академиялық табыстылығына әсер ететін бірқатар қиыншылықтарға тап болып жатады.

ЖОО студенттердің оқуда академиялық табысты болуы, ең алдымен кәсіби білім алу барысында олардың кәсіби дайындығы мен кәсіби құзіреттілігін жетілдіреді, болашақта кәсіби мансабына қажетті кәсіби білім мен дағдыны меңгеруге көмектеседі, тұлғалық және экономикалық әл-ауқатына, әлеуметтік және эмоциялық интеллектісінің дамуына да әсер етеді. Сондықтан студенттердің оқу табыстылығына әсер ететін факторларды зерттеу маңызды болып табылады. Университеттің оқыту жүйесінде оқытудың дәстүрлі немесе инновациялық тәсілдерін қолданса да, оқу міндеттері бірдей болса да, барлық студент оқу пәндерін бірдей меңгере бермейді. Олай болса, академиялық табыстылығына әсер ететін жеке даралық ерекшеліктері мен тұлғалық өзгешелік қасиеттерін, әлеуметтік және эмоциялық интеллектісінің дамуын ескеру маңызды болмақ.

Психологиялық әдебиеттерде студенттердің академиялық табысқа жетуі олардың өз күштеріне сенуіне, өзіндік тиімділіктеріне байланысты екендігін көрсетеді. Айталық, А.Бандураның «өзіндік тиімділік» теориясы бойынша өзіндік эффективтіліктің жоғарылығы студенттердің оқуға деген табандылығын қамтамасыз етеді, әрі оқу мотивациясын арттыра түседі.

Академиялық табыстылық немесе оқу іс-әрекетінің сәтсіздіктері – бұл адамның өміріне едәуір әсер ететін маңызды түсінік [1].

Бірқатар шетелдік зерттеулерге сүйенсек, студенттердің оқудағы академиялық табыстылығындағы өзгешеліктер ішінара оқу мотивациясындағы айырмашылықтарға байланысты [3,4,5]. Олай болса, студенттердің мотивациясы оқудағы жетістіктерін қамтамасыз етеді. Себебі, біз білетіндей, мотивация бұла адамның жүріс-тұрыс әрекеттерін белсендіретін, іс-әрекетіне күш-қуат беретін және мақсатқа бет бұруға мүмкіндік беретін түрткі. Мотивацияның негізгі мақсаты – адамға қысымсыз немесе мәжбүрлеусіз өз еркімен, тиімді және табысты әрекет етуге мүмкіндік береді деп қарастырсақ, онда студенттердің мотивациясы неғұрлым жоғары болса, онда олар оқуда табысты болуда аса қиналмастан, көп күш-қуат жұмсамастан, өз еркімен табысқа оңайырақ қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Осы тұрғыда Vu және басқалардың [6] «Мотивация неғұрлым жоғары болса, өнімділік соғұрлым жоғары болады» – деген тұжырымы дәйекті бола түседі. Олай болса, мотивация оқудың маңызды құрамдастарының бірі болып табылады және оқыту мен оқуда маңызды рөл атқарады [7].

Психология ғылымында жетістікке жету мотивациясы мен академиялық мотивацияның көптеген заманауи үлгілерімен өзара байланысын, [8,9,10,11] сондай-ақ

академиялық оқудың табысты нәтижелері жетістікке жету қажеттілігімен тікелей байланысын көрсететін тұжырымдар да баршылық [12,13].

McClelland (1980) табысқа жетуге деген қажеттілік неғұрлым жоғары болған сайын, оқуға деген мотивацияның да соғұрлым жоғары болатындығын айта келе, оқудағы жетістіктер білімге қатысты көрсеткіш болғандықтан, бұл формальды оқу контекстінде тұлғаның стихиялы және өзін-өзі анықтайтын тұлғалық жетістігі аса бағаланбауынан, кейде студенттердің оқу табыстылығының төмен болу ықтималдығын көрсетеді деп болжайды. Басқаша айтқанда, оқудағы жетістіктер оның тек оқу пәніне қатысты білім бағасы ретінде айқындалатын болса, студенттің тұлғалық қасиеттері мен өзін-өзі анықтайтын басқа да жетістіктер оқу жетістігі ретінде бағаланбауы мүмкін.

Бірқатар зерттеулерде жетістікке жетуге деген қажеттілік, адамның өзгермелі қозу потенциалы мен бірсәттілік ләззат сезімінің ұлғаюымен түсіндіріледі [14,15].

Табысқа жету ұғымы өмірдің әртүрлі салаларында жетістікке жету мотивациясында көрінетіндігін ескерсек, табыстылыққа үміттену, сәтсіздіктен қашу сияқты тұлғалық қалаулар оқиғаға қатысты күйлермен де сипатталады. [16].

E.L.Deci және R.M.Ryan табысқа жетуге әсер ететін ішкі (қызығушылық, қанағаттану) және сыртқы (марапат, бағалау) мотивацияның өзара байланысы мен әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді сипаттап береді.

Зерттеу әдістері

Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының өзекті мәселелердің бірі – студенттердің оқу табыстылығын қамтамасыз ететін негізгі факторларды айқындау болып табылады. Осы орайда біз өз зерттеуімізде студенттің оқудағы табыстылығына әсер ететін факторлардың бірі – оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу мен оқу мотивациясын және тұлғалық қасиеттердің маңыздылығын айқындауды мақсат етіп қойдық.

ЖОО оқу іс-әрекетінің тиімділігін жоғарылатуда студенттердің белсенділігі мен өзбеттілігінің мәні зор. Егер студент өзінің таңдаған мамандығының мәнін жақсы түсінсе, онда ол саналы түрде өзінің алдына оқу мақсаттарын нақты қойып, сол мақсатқа жетудің жолдарын іздестіреді, кездесетін қиыншылықтарды жеңеді, қол жеткізген жетістіктерін бағалайды. Бұл ең алдымен студенттік оқу мотивациясын белсендіреді, әрі өзін-өзі реттеуді қамтамасыз етеді.

А.О. Прохоров және басқалар эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде ЖОО студенттерінің дәріс, семинар және емтихан сияқты оқытудың әртүрлі формаларында ментальдық реттеу көрсеткіштеріне орай психикалық күйдің өзгеруіне әсер ететіндігін көрсетеді. Ментальдық реттеу көрсеткіші ретінде өзіне қатынасы, өмірлік мән-мағынаға бағдарлық, рефлексия жатады. Автордың пайымдауынша студенттердің психикалық күйі мен ментальдық реттеу көрсеткіштерінің өзара байланысы оқытудың формаларында түрліше байқалады. Оқу ситуацияларындағы қысымның өсуіне (емтиханның жақындауы) байланысты студенттер өзінің психикалық күйін реттеуде өзіне қатынасын білдіреді, семинар сабақтарында өзін-өзі басқару айқын байқалса, емтихан тапсыру кезінде өзін-өзі қабылдауы айқын көрінеді. Осылайша, студенттер оқудағы

табыстылығын психикалық күйлерін ментальдық реттеу механизмдері арқылы қамтамасыз етеді.

Т.С. Блохина колледж студенттерінің оқу іс-әрекетін өзіндік реттеудің стильдік ерекшеліктерін айқындай келе, төмендегідей қорытынды жасайды: әртүрлі жыныстағы студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі бойынша өзгешеленбейді, ұлдар да, қыздар да оқу мақсаттарын қоюға, мақсатқа жету тәсілдерін қадамдық жоспарлауға, нақты жоспарланған мақсатқа жетуге бағытталған ерекше жағдайларды қалыптастыруға қабілетті. Дегенмен, ұлдар да, қыздар да оқу іс-әрекетінің ішкі және сыртқы жағдайларының күрт өзгеруі кезінде жылдам және тиімді тактика қолдануда қиналады. Себебі, өзін және өзінің іс-әрекет нәтижесін адекватты бағалай алмайды, соның салдарынан оқу іс-әрекеті нәтижесін де реттеп, басқара алмайды. Сонымен қатар, Т.С. Блохинаның зерттеуінде мамандықтарға байланысты студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стильдік ерекшеліктерімен өзгешеленетінін көрсетеді.

К.С. Кенжебаева және басқалар эмоциялық интеллектінің дамуына әсер ететін факторларды зерделей келе, студенттердің академиялық жетістіктеріндегі рөлін айқындайды [17]. Б.Е. Сабырбай және басқалар (Сабырбай Б.Е. және т.б., 2024) жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту үдерісінде эмоциялық интеллектіні негізге ала отырып, білім беруде, академиялық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндіктерін пайымдайды.

N.M. Moussa (2023) еңбегінде өзіндік тиімділік пен оқудағы табыстылықтың арасында тығыз байланыс бар екендігін көрсетеді. Студенттердің үнемі жоғары баға алуға деген ынтасы, академиялық жетістіктерін көрсетуге деген қалауы студенттердің академиялық нәтижесіне әсер ететін факторлардың бірі екендігін тұжырымдайды.

Sarah Fishstrom және басқалар (2022) зерттеулерінде білім беру жағдайында жас ерекшеліктерге байланысты академиялық алаңдаушылық білім алушылардың оқу үлгеріміне және эмоциялық әл-ауқатына әсер ететіндігін алға тартады. Сондықтан білім алуға жетістікке жетуде оқу үдерісіне қатысатын оқытушылардың араласуын, білім берудің жайлы ортасын құру, сонымен қатар олардың оқудағы табысты болуына білім берушілердің де ықпалын айқындайды.

Сонымен қатар, академиялық үлгерім көптеген факторлармен анықталатынын ескерсек, жетістікке жету қажеттілігі тұлғаның жетекші қасиеттерімен сабақтасып жатуы да мүмкін. Сондықтан білім беру контекстінде жетістікке жету қажеттілігін терең зерттеу барысында тұлғаның өзін-өзі өзектендіру мотивациясындағы жеке айырмашылықтарды, студенттердің оқу тәжірибелерін болжай алу мүмкіндігін бірқатар зерттеулерден [18] кездестіруге болады.

Жетістікке жету мотиві теориясында «жетістікке деген қажеттіліктің энергетикалық рөлі» туралы еңбектердің де бар екендігін атап өтуге болады. [19,20,21,22].

Ivanka Živčić-Bećirević және басқалар (2017) университет студенттерінің академиялық табыстылығының предикторлары деген мақаласында сабақ үлгерімі орташа және үздік студенттердің оқудағы табыстылығына әсер еткен факторларды әлеуметтік-когнитивті теория тұрғысынан зерттей келе мынадай қорытындыға келеді: сабақ үлгерімі орташа студенттердің оқудағы табыстылығына әсер ететін предикторлар ретінде адамның ойына келетін алғашқы автоматты ойлардың негативті жағымсыз болатындығы, яғни

нашар баға алсам, ата-анамды ренжітіп аламын, деген сияқты сәтсіздіктен қашу арқылы оқу бағасын жақсартуға тырысатыны байқалады. Ал, сабақ үлгерімі жоғары үздік, оқуда табысты студенттер ұйымдастырушылық дағдыларының жақсы дамығандығын, ішкі мотивациясы мен өзіндік бастамашылдығы, ата-анасын ренжітуге байланысты қысымның болмауымен сипатталады. Оған қоса, олар басқалардың не ойлайтындығына емес, өзінің мақсаттарына жетуге барлық күш-жігерін салу арқылы өзіндік жетістіктеріне бағдарланады.

U. Levi (2014) тұтас білім беру жүйесінде білім алушылардың оқуға деген өзіндік құштарлығын, академиялық табыстылығын, әлеуметтік-эмоциялық дамуы барысында интеграцияны қамтамасыз етуді басшылыққа алуды ұсынады. Студенттердің оқудағы табыстылығы мен өзін-өзі бағалау контексіндегі модель негізінде білім беру ортасының мәнін ашып көрсетеді. Білім беру саясаты білім алушыларға үлкен үміт арту арқылы, олардан жоғары жетістік күтетіне мән беру арқылы оптимистік бағытта жұмыс істеу негізінде студенттердің оқуға деген белсенділігі мен оқудағы табыстылығына қол жеткізуге болатындығын тұжырымдайды.

Maria Theobald (2021) университет студенттерінің мотивациясы мен өзін-өзі реттеу стратегиялары мен оқу үлгерімін өзіндік реттеу бағдарламаларының тиімділігін анықтайтын 49 зерттеу жұмысына мета-анализ жасайды. Автор үш деңгейлі метаанализі бойынша академиялық үлгерімге негіз болатын метакогнитивті стратегия, ресурстарды басқару стратегиясы және мотивациялық стратегиялардың статистикалық қатынастарын көрсетеді. Зерттеу қорытындысында өзін-өзі реттеу арқылы оқудың білім беру бағдарламасы академиялық табыстылықты, оқытудың өзін-өзі реттеу стратегиясы және студенттердің оқу мотивациясының жоғарылауына зор ықпал ететіндігін тұжырымдайды.

García (2021) өз зерттеуінде студенттердің оқу үлгерімі, академиялық табыстылығы мен тұлғалық ерекшеліктері арасындағы өзара байланысты зерттей келе, интеллект, талаптану және зейін қою, күш жұмсау, тіпті жақсы оқытушы академиялық табыстылықтың атрибуттары деп көрсетеді.

Нәтижелер

Біз өз зерттеуімізде тұлғаның бес факторлы моделін түсіндіретін МакКрейдің еңбектеріне сүйенеміз. Ғалым өз еңбектерінде тұлғаның сәттіліктері мен сәтсіздіктері өзіндік тәртіптілігі, өзін-өзі бақылауы үшін күш жұмсауына, тұлғаның темпераментіне байланысты екендігін көрсетеді.

Оқудағы табыстылық мәселесінің психологиялық аспектісін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарда ең алдымен, білім алушылардың ақыл-ой дамуы мен когнитивті факторлардың дамуына байланысты екендігін көрсетеді. Дегенмен соңғы жылдары оқу жетістіктерін когнитивті емес факторлармен, оның ішінде тұлғалық қасиеттердің көрінісі болып табылатын өзін-өзі бағалау, өзіндік эффективтілік, мотивациялық-эмоциялық факторлармен түсіндіретін зерттеулер көбейіп келеді [23,24,25,26].

В.И. Моросанова және басқалар (2015) білім алушылардың оқудағы табыстылығына әсер ететін саналы өзін-өзі реттеу мен оқуға қатынасын зерттейді. Зерттеу тұжырымы

бойынша емтихан кезіндегі оқу табыстылығына студенттердің оқу мақсаттарына жетудегі өзін-өзі реттеу факторы мен оның оперативтілігі елеулі рөл атқарады дейді.

Аталмыш ғалымдар В.И. Моросанованың «Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі – ССУД-М-2013 әдістемесін» 506 оқушыға жүргізе отырып, оқушылардың оқуға қатынасы мен өзін-өзі реттеудің стильдік ерекшеліктерінің көріну сипаты мен өзара байланыс деңгейлерін айқындап береді. Оған қоса, саналы өзін-өзі реттеу мен оқуға қатынасының өзара байланысында даралық қасиеттер мен оқу мотивациясының тұрақтылығы факторының айқын көрінетіндігін пайымдайды.

В.И. Моросанова және басқалардың бұл зерттеуі біздің зерттеуге өте жақын келеді. Себебі, біздің де тұжырым бойынша студенттердің оқудағы табыстылығы оқу мотивациясына, оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стиліне және тұлғалық қасиеттердің көрінуіне, әлеуметтік және эмоциялық интеллектісіне байланысты.

Дегенмен, біздің зерттеудің бұл зерттеуден өзіндік өзгешелігі бар. Біріншіден, аталмыш ғалымдар қорытынды емтихан кезіндегі оқу табыстылығын зерттесе, біз бүкіл оқу жыл барысындағы оқу мотивациясының көріну ерекшеліктерін анықтадық. Бұл дегеніміз, емтихан алдындағы эмоциялық күй мен бітіру емтихандарының шешуші де жауапты кезең екендігіне орай, білім алушылардың оқу мотивацияларында айырмашылық болады. Екіншіден, В.И. Моросанова және басқалардың зерттеуінде даралық ерекшеліктер бойынша мақсатқа бағыттылық, өзінің оқу белсенділігін ұйымдастыра алу, мақсатқа жетудің мәнді жағдайларын есепке ала алу, оқу жетістігіне жетуге табандылық сияқты тұлғалық қасиеттерді іріктеп алған болса, біз өз зерттеуімізде студенттердің экстроверсия, көпшіл, бауырбасу, экспрессивтілік, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық интеллект сияқты тұлғалық қасиеттердің өзіндік реттеу стиліне әсерін айқындаймыз.

Jess Wei Chin Tan (2024) мақаласында оқу үлгерімі мен тұлғалық қасиеттерінің тікелей және жанама байланыстары қарастырылады. Аталмыш ғалымның пайымдауы бойынша көнгіштік қасиетінің жоғары деңгейде көрінуі оқу үлгеріміне теріс әсере етеді, ал «адалдық» және «ашықтық» жанама әсер етеді, сондай-ақ, осы қасиеттердің нәтижелі болуы оқу материалын қабылдауға байланысты болады. Зерттеу қорытындысы бойынша Jess Wei Chin Tan адалдық қасиеті мен оқу үлгерімі арасында мәнді байланыс бар.

Талқылау

Кей жағдайда студенттердің академиялық табысқа жете алмай жататын себептерін олардың оқу іс-әрекетін тиімді басқару стильдерін дұрыс бағалай алмауынан, оқу мақсаттарын қою, оған жету құралдары мен жолдарын таңдау кезінде оқытушыларға «тәуелді» болуынан, тіпті студенттердің өзіндік тұлғалық ресурстары мен потенциалдарын дұрыс жүзеге асыра алмауын түсіндіруге болады. Сондықтан, студенттердің оқудағы табыстылығына әсер ететін оқу мотивациясын, оқу іс-әрекетін өзіндік реттеуді зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Оқу белсенділігі мен өзін-өзі реттеу – тұлғалық қасиет ретінде қарастырылатындықтан, біз эксперименттік зерттеуде «Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилін – ССУД-М-2013», А.А. Реан және В.А. Якуниннің (Н.Ц. Бадмаеваның

модификациясы) оқу іс-әрекет мотивациясын анықтау әдістемесін және бес факторлы тұлғалық сауалнамасы (5 PFQ) қолдандық.

Зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің биотехнология, автоматтандыру, дизайн, сәулет мамандығының 1-4 курс студенттері арасынан 60 зерттелінуші қатысты. Зерттелінушілерді сеперациялауда, университеттің барлық факультеттеріндегі оқу үлгерімі үздік деп танылған студенттер іріктеліп алынды. Бұл оқудағы жетістіктің көрсеткіш критерий ретінде бағаланды.

Зерттеу болжамы – студенттердің академиялық табыстылығына оқу іс-әрекетін реттеу стильдері, оқу мотивациясы және тұлғалық ерекшеліктері әсер етеді және олар өзара байланысты. Мұнда тұлғалық ерекшеліктер ретінде бес факторлы тұлғалық сауалнамасы бойынша «экстриверт-интроверт», «өзін-өзі бақылау-импульсивтілік», «эмоциялық тұрақтылық-эмоциялық тұрақсыздық», «экспрессивтілік-практикалық» және «бауырбасу-оқшаулану» шкалалар алынды.

Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі – ССУД-М-2013 әдістемесі бойынша алынған нәтижелер төмендегі кестеде сипатталынған. Кесте 1.

Кесте 1

Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі – ССУД-М-2013 әдістемесі нәтижесі

№	Шкалалар	Зерттелінушілер (N=60)			
		Студенттер			
		М (SD)	%	Median	Min/Max
1	Жоспарлау	2,85 (1,22)	13,17	3	1/5
2	Модельдеу	2,45 (1,44)	11,64	3	1/5
3	Бағдарламалау	3,65 (1,31)	17,34	4	1/5
4	Нәтижені бағалау	2,23 (1,38)	10,61	2	1/5
5	Икемділік	1,95 (1,38)	9,34	2	1/5
6	Өзбеттілік	2,95 (1,21)	14,01	3	1/5
7	Сенімділік	2,48 (1,23)	11,80	2	1/5
8	Жауапкершілік	2,62 (1,18)	12,43	3	1/5
9	Өзіндік реттеудің жалпы көрсеткіші	21,05 (4,71)	46,78	21	1/45

Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі әдістемесі бойынша жоспарлау (13,17%), модельдеу (11,64%), нәтижелерді бағалау (10,61%), өзбеттілік (14,01%), сенімділік (11,80%) және жауапкершілік шкаласы (12,43%) төмен екендігі анықталды. Бұл студенттердің оқу жоспарын құруда, нәтижелерді болжауда қиыншылықты бастан өткеретіндігін және өзін-өзі ұйымдастыруы мен өз бетінше шешім қабылдауы төмен екендігін білдіреді. Тек бағдарламалау шкаласы (17,34%) орташа деңгейді көрсетті. Студенттер белгілі бір деңгейде өздерінің оқу әрекеттерін жүйелі түрде бағдарлай алатынын көрсетеді. Өзіндік реттеу бойынша жалпы көрсеткіш (13,17%) 21,05 ұпай – орташа деңгейге жатады. Бұл әдістеменің нәтижесі

бойынша студенттер өздерінің оқу іс-әрекетін саналы басқаруда едәуір қиыншылықты сезінетіні анықталды.

Кесте 2

Студенттердің оқу іс-әрекет мотивациясы әдістемесінің нәтижесі

№	Атаулары	Зерттелінушілер (N=60)			
		Студенттер			
		M (SD)	%	Median	Min/Max
1	Коммуникациялық әдістер	12,97 (3,88)	11,09	13	1/20
2	Сәтсіздіктен қашу мотиві	13,07 (4,53)	11,17	14	1/25
3	Беделдік мотив	14,82 (4,40)	12,67	15,5	1/25
4	Кәсіби мотив	23,28 (5,65)	19,91	25	1/30
5	Шығармашылық өзін-өзі реттеу мотиві	8,47 (2,61)	7,24	9	1/10
6	Оқу-танымдық мотивтер	25,42 (6,35)	21,74	27	1/35
7	Әлеуметтік мотивтер	17,70 (3,61)	15,14	18	1/25
8	Жалпы көрсеткіш	116,93 (16,32)	68,78	116,5	7/170

Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің оқу іс-әрекет мотивациясы бойынша коммуникациялық мотив, сәтсіздіктен қашу және беделдік мотивтері орташа деңгейді көрсетті. Ал, кәсіби мотив, шығармашылық өзін-өзі реттеу, оқу-танымдық мотив және әлеуметтік мотивтер жоғары деңгейде екендігі анықталды. Бұдан байқайтынымыз, студенттер мансаптық өсуге бағдарланған, кәсіптерін меңгеруге қызығушылығы басым (кәсіби мотив), шығармашылық тұрғыда өсуге ынталы (шығармашылық өзін-өзі реттеу мотиві), білімге құштар және жаңа білім алуға талаптанады (оқу-танымдық мотив), сондай-ақ, қоғамға пайдасын тигізуге тырысады (әлеуметтік мотив). Бұл ретте студенттер қарым-қатынасты маңызды деп есептейді, бірақ басты мәселе деп қарамайды (коммуникативтік мотив), оқу үдерісін орындауға міндеттілік деп қабылдайды (сәтсіздіктен қашу мотиві), сондай-ақ, студенттер ең үздік болуды жоспарламайды, дегенмен, шектен тыс қалуды да (беделдік мотиві) қаламайды.

Кесте 3

Темперамент пен мінез-құлықтың тұлғалық факторын диагностикалау әдістемесінің нәтижесі

№	Атаулары	Зерттелінушілер (N=60)			
		Студенттер			
		M (SD)	%	Median	Min/Max
1	Экстраверсия-Интроверсия	49,23 (11,45)	65,62	49	1/75
2	Бауырбасу (көпшіл) - Оқшаулану	52,28 (11,52)	69,13	51	1/75

3	Өзіндік бақылау-Импульсивтілік	53,47 (11,87)	71,53	52,5	1/75
4	Эмоциялық тұрақтылық – Эмоциялық тұрақсыздық	51,38 (11,26)	68,51	51	1/75
5	Экспрессивтілік-Практикалық	52,82 (10,92)	70,42	52	1/75

Р. МакКрае және П. Коста бойынша бес факторлы тұлғалық сауалнама (5 PFQ) нәтижесіне сәйкес бес фактордың төрт факторы жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Бұл «бауырбасу-оқшаулану» - (52,28 ұпай), «өзіндік бақылау-импульсивтілік» – (53,47 ұпай), «эмоциялық тұрақтылық-тұрақсыздық» – (51,38 ұпай), «экспрессивтілік-практикалық» – (52,82 ұпай) жоғары, ал «экстраверсия-интроверсия» – (49,23 ұпай) орташа деңгейлікті білдіреді. Ендігі кезекте бұл статистикалық көрсеткішке сапалы талдау жасайтын болсақ, студенттердегі бауырбасудың жоғары болуы – олар басқа адамдарға позитивті қатынаста, оларды жақсы түсінетіндігінде, әлеуметтік жауапкершілікке ие, эмпатиялық басым және команда да жақсы жұмыс істей алатынын көрсетеді. Оған қоса, студенттер өзін-өзі басқара алады, адал, жауапты, ұқыпты, табанды және жалпы қоғам қабылдаған нормалар мен ережелерге сәйкес өмір сүреді, эмоциялық тұрақты, сенімді, сабырлы, батыл, реалист, көп жағдайда жақсы көңіл-күйде жүреді, экспрессивті, білуге құштар, креативті және интуитивті. Ал экстрове́рттік және интроверттік қасиеттердің көрінуі – олардың іс-шараларға қатысуына қарай көпшіл екендігін білдіретін болса, сондай-ақ, басқалардан бөлектесін, жалғыз өзімен өзі қалуға қалауының болуымен түсіндіруге болады, импульсивті әрекет етуі мүмкін, оған қоса, қандай да бір монотонды біртекті әрекеттерді жоспарлауға, оны орындауға икемді болуымен көрінеді.

Кесте 4

Оқу мотивациясы мен өзін-өзі реттеу стильдері және тұлғалық факторлардың корреляциялық байланысы

№	Әдістемелер	Экстраверсия- Интроверсия	Бауырбасу- Оқшаулану	Өзіндік бақылау- Импуль- сивтілік	Эмоциялық тұрақтылық - Эмоциялық тұрақсыздық	Экспрес- сивтілік- Практикалық
1.	Оқу іс- әрекетін өзіндік рет- теу стилі	0,30*	0,34**	0,41***	0,14	0,27*
2.	Оқу іс- әрекетінің мотивациясы	0,09	-0,02	0,04	0,10	0,05

Ескертпе: * $p < 0,05$ деңгейінде мәнді; ** $p < 0,01$ деңгейінде мәнді; *** $p < 0,001$ деңгейінде мәнді;

Студенттердегі оқу іс-әрекет мотивациясы мен өзін-өзі реттеу стильдерінің және тұлғалық факторларының өзара байланысын анықтау үшін Пирсонның корреляциялық

коэффициентін қолдандық. Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу өзін-өзі бақылау, бауырбасу, экстроверсия және экспрессивтілікпен аз байланысқан, сондай-ақ, эмоциялық тұрақтылықпен де азғана байланысы бар.

Оқу іс-әрекет мотивациясы мен тұлғалық факторлардың экстроверсия, өзіндік бақылау, эмоциялық тұрақтылық және экспрессивтілік шкалаларымен аз корреляцияланады. Ал бауырбасушылықпен оқу іс-әрекеті мотивациясы азғана өзара теріс байланыстылықты көрсетеді.

Кесте 5

Оқу мотивациясы мен оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилінің корреляциялық талдау нәтижесі

№	Әдістеме	Оқу іс-әрекетінің мотивациясы (Реан, Бадмаева)
1	Оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі, ССУД-М-2013	-0,16

Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердегі оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі мен оқу іс-әрекетінің мотивациясы арасында азғана теріс өзара байланыс бар. Басқаша айтқанда, студенттердің оқу мотивациясына қарағанда оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі мен тұлғалық қасиеттердің өзара байланысы бар екендігі байқалады. Олай болса, студенттердегі оқу мотивацияның туындауына көп жағдайда сыртқа ортаның әсері басым болса, айталық, оқытушының басқару стилі, пәнді оқытудағы әдістемелік тәсілдері, айналасындағы курстастарының әсері т.б., ал оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилі студенттердің өзінің ішкі тұлғалық қасиеттерімен байланыстылығын көрсетеді. Оқу іс-әрекетінің мотивациясы белгілі бір жағдаяттарға, өзгермелі құбылыстарға тәуелді болса, оқу іс-әрекетін реттеу стилі студенттердің мінез-құлық ерекшеліктерінен көрінеді.

Қорытынды

Студенттердің академиялық табыстылығының маңызды факторлары ретінде олардың оқу іс-әрекет мотивациясы мен оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу стилінің өзара байланыстылығымен сипатталады. Оқу іс-әрекетінде өзін-өзі реттеу стильдері тұлғаның (көпшіл) бауырбасу, экстроверсия және экспрессивтілікпен, сондай-ақ, эмоциялық тұрақтылықпен өзара байланысты. Сондай-ақ, студенттердің біртұтас оқу үдерісінде оқу іс-әрекет мотивациясы сыртқы жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.

Эксперимент нәтижелері бойынша бауырмашылық, эмоциялық тұрақтылық, өзіндік бақылау, экспрессивтіліктің басым болуы студенттердің әлеуметтік және эмоциялық интеллектісін жоғарылатып, басқа адамдарға деген позитивті қатынас құруы, олар туралы жақсы ойда болуы, әлеуметтік жауапкершілікке ие болуы, табанды, реалист, білуге құштарлығы олардың оқудағы табыстылығының негізі болып табылатындығын көрсетеді.

Оған қоса, студенттердің оқуда табысты болуының тағы бір көрінісі оқу іс-әрекетінде өзін-өзі реттеу стилі тұрғысында өз әрекеттерін бағдарламалау арқылы, жүйелі оқу үдерісіндегі күнделікті оқу материалдары бойынша орындалатын тапсырмаларды жоспарлай алуы мен оны орындаудағы икемділігінің жоғары болуымен сипатталуы болып табылады.

Авторлардың үлесі

Тұжырымдамалау: **Б.Е. Сабырбай**

Әдіснама: **Б.Е. Сабырбай, Г.К. Айкинбаева, З.Б. Кабылбекова**

Формалды талдау: **Б.Е. Сабырбай**

Зерттеу деректерін жинау: **Б.Е. Сабырбай, Г.К. Айкинбаева**

Зерттеу деректеріне жетекшілік ету: **Б.Е. Сабырбай, Г.К. Айкинбаева**

Мақаланың түпнұсқалық алғашқы түрін дайындау: **Б.Е. Сабырбай, Г.К. Айкинбаева**

Редакциялау және сыни шолу: **Г.К. Айкинбаева**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Chen, C.J., Chen, Y.C., Lee, M.Y., Wang, C.H., Sung, H.C., 2021. Effects of three-dimensional holograms on the academic performance of nursing students in a health assessment and practice course: a pretest-intervention-posttest study. *Nurse Educ. Today* 106, 105081. <https://doi.org/10.1016/j.nedt.2021.105081>.
2. Burnette, J.L., O'Boyle, E.H., VanEpps, E.M., Pollack, J.M., Finkel, E.J., 2013. Mind-sets matter: a meta-analytic review of implicit theories and self-regulation. *Psychol. Bull.* 139 (3), 655–701. <https://doi.org/10.1037/a0029531>.
3. Seaton, M., Parker, P., Marsh, H.W., Craven, R.G., Yeung, A.S., 2014. The reciprocal relations between self-concept, motivation, and achievement: Juxtaposing academic self-concept and achievement goal orientations for mathematics success. *Educ. Psychol.* 34 (1), 49–72. <https://doi.org/10.1080/01443410.2013.825232>.
4. Arens, A.K., Marsh, H.W., Pekrun, R., Lichtenfeld, S., Murayama, K., vom Hofe, R., 2017. Math self-concept grades and achievement test scores: long-term reciprocal effects across five waves and three achievement tracks. *J. Educ. Psychol.* 109 (5), 621–634. <https://doi.org/10.1037/edu0000163>.
5. Vu, T., Magis-Weinberg, L., Jansen, B.R.J., et al., 2022. Motivation-achievement cycles in learning: a literature review and research agenda. *Educ. Psychol. Rev.* 34, 39–71. <https://doi.org/10.1007/s10648-021-09616-7>.
6. Rafii, F., Saeedi, M., Parvizy, S., 2019. Academic Motivation in Nursing Students: A Hybrid Concept Analysis. *Iran. J. Nurs. Midwifery Res* 24 (5), 315–322. https://doi.org/10.4103/ijnmr.IJNMR_177_18.
7. Eccles, J.S., & Wigfield, A. (2020). Online first article). From expectancy-value theory to situated expectancy-value theory: A developmental, social cognitive, and sociocultural perspective on motivation. *Contemporary Educational Psychology*, 61, Article 101859. <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101859>.
8. Graham, S. (2020). An attributional theory of motivation. Advanced online publication *Contemporary Educational Psychology*, 61, Article 101861 <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101861>.

9. Urdan, T., & Kaplan, A. (2020). The origins, evolution, and future directions of achievement goal theory. online first article Contemporary Educational Psychology, 61, Article 101862 <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101862>
10. Wentzel, K. R. (2016). Handbook of motivation at school (2nd ed.). New York: Routledge.
11. Brunstein, J. C. (2018). Implicit and explicit motives. In J. Heckhausen, & H. Heckhausen (Eds.), Motivation and action. 3rd ed., 369–405. Berlin, Germany: Springer.
12. Heitmann, S., Grund, A., Fries, S., Berthold, K., & Roelle, J. (2022). The quizzing effect depends on hope of success and can be optimized by cognitive load-based adaptation. Learning and Instruction, 77, Article 101526. <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2021.101526>
13. Schultheiss, O. C. (2008). Implicit motives. In O. P. John, R. W. Robins, & L. A. Pervin (Eds.), Handbook of personality: Theory and research . 3rd ed., 603–633. New York: Guilford.
14. Thrash, T. M., Elliot, A. J., & Schultheiss, O. C. (2007). Methodological and dispositional predictors of congruence between implicit and explicit need for achievement. Personality and Social Psychology Bulletin, 33, 961–974. <https://doi.org/10.1177/0146167207301018>
15. Fleeson, W. (2001). Toward a structure- and process-integrated view of personality: Traits as density distributions of states. Journal of Personality and Social Psychology, 80, 1011–1027. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.80.6.1011>
16. Deci E.L., Ryan R.M. The «what» and «why» of goal pursuits: Human needs and the self-determination of behavior. Psychological Inquiry, 11, 227–268
17. Прохоров А.О., Чернов А.В., Юсупов М.Г., Басина И.С. (202). Динамика ментальной регуляции психических состояний студентов в различных условиях учебной деятельности // Экспериментальная психология. 17(3) 130–143. DOI: <https://doi.org/10.17759/exppsy.2024170309>
18. Блохина Т.С. (2020). Стилевые особенности саморегуляции учебной деятельности студентов колледжа // Мир науки. Педагогика и психология, №6, <https://mir-nauki.com/PDF/121PSMN620.pdf>
19. Kenzhebayeva K.S., Kurmanova A.I., Agbayeva U.B., Aubakirova Zh.K., Aurenova M.D. (2023). The impact of emotional intelligence on student academic performance. Kazakh National Pedagogical University after Abai Bulletin. Series of «Psychology». 4 (77), 214–94. 10.51889/2959-5967.2023.77.4.022
20. Сабырбай Б.Е., Айкинбаева Г.Қ., Кошкун Хамит. (2024). Жоғары оқу орындарындағы студенттерде эмоциялық интеллекті мен жетістікке жету мотивациясының өзара байланысы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. 2 (147). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-147-2-588-605>
21. Moussa N.M. (2023). Promoting Academic Achievement: The Role of Self-efficacy in Predicting Students' Success in the Higher Education Settings. Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie = Psychological Science and Education. 28(2), 18—29. DOI: <https://doi.org/10.17759/pse.2023280202> (In Russ.).
22. Fishstrom S., Wang H.H., Bhat B.H., Daniel J., Dille J., Capin P., Vaughn S. (2022). A meta-analysis of the effects of academic interventions on academic achievement and academic anxiety outcomes in elementary school children. Journal of School Psychology, Volume 92, Pages 265–284, ISSN 0022-4405, <https://doi.org/10.1016/j.jsp.2022.03.011> .
23. Bolger, N., Davis, A., & Rafaeli, E. (2003). Diary methods: Capturing life as it is lived. Annual Review of Psychology, 54, 579–616. <https://doi.org/10.1146/annurev.psych.54.101601.145030>
24. Atkinson, J. W. (1964). An introduction to human motivation. Princeton, New York: Van Nostrand.
25. McClelland, D. C. (1985). How motives, skills, and values determine what people do. American Psychologist, 40(7), 812–825. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.40.7.812>

26. McClelland, D. C. (1980). Motive dispositions. The merits of operant and respondent measures. In L. Wheeler (Ed.), Review of personality and social psychology. 1, 10–41. Beverly Hills, CA: Sage.
27. Živčić-Bećirević, I., Smojver-Ažić, S. i Martinac Dorčić, T. (2017). Predictors of University Students' Academic Achievement: A Prospective Study. Društvena istraživanja, 26 (4), 2017. 457-476. <https://doi.org/10.5559/di.26.4.01>
28. Levi, U., Einav, M., Ziv, O. et al. (2014). Academic expectations and actual achievements: the roles of hope and effort. Eur J. Psychol Educ 29, 367–386. <https://doi.org/10.1007/s10212-013-0203-4>
29. Theobald M. Self-regulated learning training programs enhance university students' academic performance, self-regulated learning strategies, and motivation: A meta-analysis, Contemporary Educational Psychology. 66, 2021, 101976, ISSN 0361-476X,
30. García y García B. E. (2021) 'To What Factors do University Students Attribute Their Academic Success?', Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science, 14(1), 1-8. <http://dx.doi.org/10.7160/eriesj.2021.140101>
31. McCrae, R. R., & Löckenhoff, C. E. (2010). Self-regulation and the five-factor model of personality traits. In R. H. Hoyle (Ed.), Handbook of personality and self-regulation . 145–168. Wiley Blackwell. <https://doi.org/10.1002/9781444318111.ch7>
32. В.И. Моросанова, И.Ю. Цыганов, А.В. Ванин, Е.В. Филиппова. (2015). Осознанная саморегуляция и отношение к учению: их взаимосвязь и вклад в успешность обучения. Вопросы психологии. 5, 32-45.
33. Tan, J. W. C., Cheah, H. M., & Koh, H. C. (2024). Investigating the effects of personality on academic performance in higher education. Cogent Education, 11(1). <https://doi.org/10.1080/2331186X.2024.2408836>

Исследование личностных факторов, влияющих на академическую успешность студентов

Б.Е. Сабырбай¹, Г.К. Айкинбаева^{1*}, З.Б. Кабылбекова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана

²Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Казахстан, Шымкент

Аннотация. В статье теоретически и экспериментально изучаются личностные факторы, влияющие на академическую успешность студентов высшего учебного заведения (ВУЗ). В статье рассматривается личностный фактор академической успешности, основанный на психологических аспектах саморегуляции, академической мотивации, эмоциональной устойчивости, эмоционального интеллекта и чертах личности, предсказывающих академическую успешность в последних исследованиях в Казахстане, России и за рубежом.

Влияние академической успеваемости студентов на их профессиональное и карьерное развитие связано с важными новыми исследованиями, которые помогают им принимать более обоснованные решения в сложных жизненных ситуациях. Возможность усовершенствовать систему образования открылась за счет выявления факторов, влияющих на успеваемость студентов в процессе обучения в университете. Поэтому актуально, что успешность учебной деятельности студентов определяется психологическим механизмом личностных качеств.

В соответствии с целью исследования в ходе экспериментальной работы с использованием методики «Стиль саморегуляции учебной деятельности – ССУД-М-2013», мотивации учебной деятельности А.А.Реана и В.А.Якунина и пятифакторного личностного опросника (5 ПФК) была сформулирована взаимосвязь мотивации учебной деятельности студентов со стилями саморегуляции и факторами личности на основе коэффициента корреляции Пирсона.

Была выдвинута гипотеза, что взаимосвязь между такими чертами личности, как самоконтроль, эмоциональная устойчивость, эмоциональный интеллект, экстраверсия, экспрессивность (стремление к новым знаниям) и коммуникабельность (дружелюбие), является предиктором академической успеваемости среди отличных в учебе студентов университетов.

Ключевые слова: студенты, молодежь, академическая успешность, стиль саморегуляции, мотивация учебной деятельности, успеваемость, достижения, эмоциональная устойчивость, эмоциональный интеллект, факторы личности.

Research of personal factors affecting students' academic success

B.E. Sabyrbay¹, G.K. Aikinbayeva^{1*} Z.B. Kabylbekova²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana*

²*Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent*

Abstract. The article studies the personal factors that affect the academic success of university students theoretically and experimentally. Based on the psychological aspects of self-regulation, motivation for academic activity, emotional stability, emotional intelligence, and personality traits that predict the success of academic activity in recent years in Kazakhstan, Russia, and abroad, the article studies the personal factor of academic success. The impact of students' academic success on their professional and career development is connected with important new studies that contribute to optimal decision-making in difficult life situations. By identifying the factors that affect students' academic achievements in the process of studying at universities, the opportunity to improve the educational system has opened up. Therefore, it is relevant to determine the success of students' academic activity through the psychological mechanism of personality traits. Following the purpose of the study, during the experimental work, using the methodology "Self-regulation style of academic activity - SSUD-M-2013", A.A. Rean and V.A. Yakunin's motivation for academic activity and the five-factor personality questionnaire (5 PFQ), the relationship between academic activity motivation and self-regulation styles and personality factors in students was formulated based on Pearson's correlation coefficient. The relationship between such personality traits as self-control, emotional stability, emotional intelligence, extroversion, expressiveness (desire for new knowledge), and sociability (dominance) as predictors of the academic success of academically excellent students of the university was considered.

Keywords: students, youth, academic success, self-regulation style, academic performance, emotional stability, emotional intelligence, personality factors.

References

1. Chen, C.J., Chen, Y.C., Lee, M.Y., Wang, C.H., Sung, H.C., 2021. Effects of three-dimensional holograms on the academic performance of nursing students in a health assessment and practice course: a pretest-intervention-posttest study. *Nurse Educ. Today* 106, 105081. <https://doi.org/10.1016/j.nedt.2021.105081>.
2. Burnette, J.L., O'Boyle, E.H., VanEpps, E.M., Pollack, J.M., Finkel, E.J., 2013. Mind-sets matter: a meta-analytic review of implicit theories and self-regulation. *Psychol. Bull.* 139 (3), 655–701. <https://doi.org/10.1037/a0029531>.
3. Seaton, M., Parker, P., Marsh, H.W., Craven, R.G., Yeung, A.S., 2014. The reciprocal relations between self-concept, motivation, and achievement: Juxtaposing academic self-concept and achievement goal orientations for mathematics success. *Educ. Psychol.* 34 (1), 49–72. <https://doi.org/10.1080/01443410.2013.825232>.
4. Arens, A.K., Marsh, H.W., Pekrun, R., Lichtenfeld, S., Murayama, K., vom Hofe, R., 2017. Math self-concept grades and achievement test scores: long-term reciprocal effects across five waves and three achievement tracks. *J. Educ. Psychol.* 109 (5), 621–634. <https://doi.org/10.1037/edu0000163>.
5. Vu, T., Magis-Weinberg, L., Jansen, B.R.J., et al., 2022. Motivation-achievement cycles in learning: a literature review and research agenda. *Educ. Psychol. Rev.* 34, 39–71. <https://doi.org/10.1007/s10648-021-09616-7>.
6. Rafii, F., Saeedi, M., Parvizy, S., 2019. Academic Motivation in Nursing Students: A Hybrid Concept Analysis. *Iran. J. Nurs. Midwifery Res* 24 (5), 315–322. https://doi.org/10.4103/ijnmr.IJNMR_177_18.
7. Eccles, J. S., & Wigfield, A. (2020). Online first article). From expectancy-value theory to situated expectancy-value theory: A developmental, social cognitive, and sociocultural perspective on motivation. *Contemporary Educational Psychology*, 61, Article 101859. <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101859>.
8. Graham, S. (2020). An attributional theory of motivation. Advanced online publication *Contemporary Educational Psychology*, 61, Article 101861 <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101861>.
9. Urdan, T., & Kaplan, A. (2020). The origins, evolution, and future directions of achievement goal theory. online first article *Contemporary Educational Psychology*, 61, Article 101862 <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101862>.
10. Wentzel, K. R. (2016). *Handbook of motivation at school* (2nd ed.). New York: Routledge.
11. Brunstein, J. C. (2018). Implicit and explicit motives. In J. Heckhausen, & H. Heckhausen (Eds.), *Motivation and action*. 3rd ed., 369–405. Berlin, Germany: Springer.
12. Heitmann, S., Grund, A., Fries, S., Berthold, K., & Roelle, J. (2022). The quizzing effect depends on hope of success and can be optimized by cognitive load-based adaptation. *Learning and Instruction*, 77, Article 101526. <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2021.101526>.
13. Schultheiss, O. C. (2008). Implicit motives. In O. P. John, R. W. Robins, & L. A. Pervin (Eds.), *Handbook of personality: Theory and research*. 3rd ed., 603–633. New York: Guilford.
14. Thrash, T. M., Elliot, A. J., & Schultheiss, O. C. (2007). Methodological and dispositional predictors of congruence between implicit and explicit need for achievement. *Personality and Social Psychology Bulletin*, 33, 961–974. <https://doi.org/10.1177/0146167207301018>.
15. Fleeson, W. (2001). Toward a structure- and process-integrated view of personality: Traits as density distributions of states. *Journal of Personality and Social Psychology*, 80, 1011–1027. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.80.6.1011>.

16. Deci E.L., Ryan R.M. The «what» and «why» of goal pursuits: Human needs and the self-determination of behavior. *Psychological Inquiry*, 11, 227-268
17. Prokhorov A.O., Chernov A.V., Yusupov M.G., Basina I.S. (2024). Dynamics of mental regulation of mental states of students in different conditions of educational activity // *Experimental psychology*. 17(3), 130-143. DOI: <https://doi.org/10.17759/exppsy.2024170309>
18. Blokhina T.S. (2020). Stylish features of self-regulation of educational activity for college students // *Mir nauki. Pedagogy and psychology*, 6, <https://mir-nauki.com/PDF/121PSMN620.pdf>
19. Kenzhebayeva K.S., Kurmanova A.I., Agbayeva U.B., Aubakirova Zh.K., Aurenova M.D. (2023). The impact of emotional intelligence on student academic performance. *Kazakh National Pedagogical University after Abai Bulletin. Series of «Psychology»*. № 4 (77), 214-94 6. 10.51889/2959-5967.2023.77.4.022
20. Sabymbaj B.E., Ajkinbaeva G.Қ., Koshkun Hamit. (2024). ZHogary oқu oryndaryndagy studentterde emociyalыq intellekti men zhetistikke zhetu motivaciyasynyң ozara bajlanysy. L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin HABARSHYSY. *Pedagogika. Psihologiya. Aleumettanu seriyasy*. №2 (147). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-147-2-588-605>
21. Moussa N.M. (2023). Promoting Academic Achievement: The Role of Self-efficacy in Predicting Students' Success in the Higher Education Settings. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie = Psychological Science and Education*. 28(2), 18—29. DOI: <https://doi.org/10.17759/pse.2023280202> (In Russ.).
22. Fishstrom S., Wang H.H., Bhat B.H., Daniel J., Dille J., Capin P., Vaughn S. (2022). A meta-analysis of the effects of academic interventions on academic achievement and academic anxiety outcomes in elementary school children. *Journal of School Psychology*, 92, 265-284, ISSN 0022-4405, <https://doi.org/10.1016/j.jsp.2022.03.011>.
23. Bolger, N., Davis, A., & Rafaeli, E. (2003). Diary methods: Capturing life as it is lived. *Annual Review of Psychology*, 54, 579–616. <https://doi.org/10.1146/annurev.psych.54.101601.145030>
24. Atkinson, J. W. (1964). *An introduction to human motivation*. Princeton, New York: Van Nostrand.
25. McClelland, D.C. (1985). How motives, skills, and values determine what people do. *American Psychologist*, 40(7), 812–825. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.40.7.812>
26. McClelland, D.C. (1980). Motive dispositions. The merits of operant and respondent measures. In L. Wheeler (Ed.), *Review of personality and social psychology*. 1, 10–41. Beverly Hills, CA: Sage.
27. Živčić-Bećirević, I., Smojver-Ažić, S. i Martinac Dorčić, T. (2017). Predictors of University Students' Academic Achievement: A Prospective Study. *Društvena istraživanja*, 26 (4), 2017. 457-476. <https://doi.org/10.5559/di.26.4.01>
28. Levi, U., Einav, M., Ziv, O. et al. (2014). Academic expectations and actual achievements: the roles of hope and effort. *Eur J. Psychol Educ* 29, 367–386. <https://doi.org/10.1007/s10212-013-0203-4>
29. Theobald M. (2021). Self-regulated learning training programs enhance university students' academic performance, self-regulated learning strategies, and motivation: A meta-analysis, *Contemporary Educational Psychology*. 66, 101976, ISSN 0361-476X,
30. García y García B. E. (2021) 'To What Factors do University Students Attribute Their Academic Success?', *Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science*, 14(1), 1-8. <http://dx.doi.org/10.7160/eriesj.2021.140101>
31. McCrae, R. R., & Löckenhoff, C. E. (2010). Self-regulation and the five-factor model of personality traits. In R. H. Hoyle (Ed.), *Handbook of personality and self-regulation*. 145–168. Wiley Blackwell. <https://doi.org/10.1002/9781444318111.ch7>

32. Morosanova V.I., Tsyganov I.Yu., Vanin A.V., Filippova E.V. (2015). Conscious self-regulation and attitude to learning: their relationship and contribution to educational success. The question is psychological. 5, 32-45.

33. Tan, J.W. C., Cheah, H. M., & Koh, H. C. (2024). Investigating the effects of personality on academic performance in higher education. Cogent Education, 11(1). <https://doi.org/10.1080/2331186X.2024.2408836>

Авторлар туралы мәлімет

Сабырбай Бекболат Еділбайұлы – докторант, психология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2, b.e.sabyrbay@gmail.com

Айкинбаева Гүлден Канатовна – хат-хабар үшін автор, п.ғ.к., доцент м.а, Психология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2, + 7 701 358 7757, gulden_1975@mail.ru

Кабылбекова Заурет Бердикуловна – педагогика ғылымдарының докторы, "Жалпы педагогика және психология" кафедрасының профессоры, Оңтүстік Қазақстан университеті. М. Әуезова, + 7775 466 5277, kzber@mail.ru

Сведения об авторах

Сабырбай Бекболат Еділбайұлы – докторант, кафедра психологии, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, 10000 Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, b.e.sabyrbay@gmail.com

Айкинбаева Гүлден Канатовна – автор для корреспонденции, к.п.н., доцент кафедры психологии, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, 10000 Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, + 7 701 358 7757, gulden_1975@mail.ru

Кабылбекова Заурет Бердикуловна – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Общая педагогика и психология» Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, + 7775 466 5277, kzber@mail.ru

Information about authors

Sabyrbay Bekbolat Yedilbayuly – doctoral student, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 10000 Kazakhstan, Astana, 2 Satbaev st, b.e.sabyrbay@gmail.com

Aikinbayeva Gulden Kanatovna – corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, + 7 701 358 7757, gulden_1975@mail.ru

Kabylbekova Zauzet Berdikulovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department "General Pedagogy and Psychology", South Kazakhstan University named after M. Auezov, + 7775 466 5277, kzber@mail.ru